

Г.Б. Жораева¹, Г.И. Уайсова², А.Н. Жорабекова^{3*}

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

³ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

(*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ainur.zhorabekova@auuezov.edu.kz)

ORCID 0009-0005-6073-2033-802X,

ORCID 0000-0001-9557-8988,

ORCID 0000-0003-2697-8077

Интерактивті мультимедиялық технологиялар бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың құралы ретінде

Қазіргі білім беру жүйесінде интеллектуалды процестерге негізделген эмоцияларды басқара алатын, өзінің және өзгенің эмоцияларын реттей алатын, эмоционалды тұрғыда саналы шешім қабылдауға мүмкіндігі бар білім алушыны дамытуды міндеттейді. Олай болса, біздің қарастырып отырған тақырыбымыз өзекті зерттеулердің бірі. Зерттеу барысында ҚР «Білім туралы» Заңы, білім мен ғылымды дамытуға бағытталған тұжырымдама талданып, «эмоционалды интеллект» пен «мультимедиялық технологиялар» ұғымдарының өзара байланысы мен бір-біріне әсері зерттелді. Зерттеудің басты мақсаты — интерактивті мультимедиялық технологияларды бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың құралы ретінде қарастыру. Тәжірибелік-экспериментке Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясының 2-сынып оқушыларының ішінен «В» сыныбы — бақылау сыныбы (25 оқушы), «Г» сыныбы — тәжірибелік сынып (26 оқушы) ретінде іріктеліп алынды. Зерттеу жұмыстары анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңдері арқылы іске асырылды. Анықтау кезеңінде — бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін айқындау мақсатында М.А. Нгуеннің «Не? Неге? Қалай?» атты диагностикалық әдістемесі қолданылды. Қалыптастыру кезеңі — 2023–2024 оқу жылының қазан айынан бастап желтоқсан айы аралығында жүргізілді. Бұл кезеңде бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытуда интерактивті *Learningapps.org* мультимедиялық бағдарламасы қолданылды. *Learningapps.org* бағдарламасы арқылы «Жануарлардың қыстауы», «Эмпатия. Эмоция», «Интеллектуалды эмоция», «Мақал-мәтелдердің мағынасын тап» сияқты тапсырмалар ұсынылды. Бақылау кезеңінде — қалыптастыру кезеңінде ұсынылған тапсырмалардың тиімділігі дәлелденді. Бұл интерактивті *Learningapps.org* мультимедиялық технологиялар эмоционалды интеллектінің қабылдауына, түсінуіне және басқаруына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік беріп, ақыл-ой қабілеттерін дамытады.

Кілт сөздер: мультимедия, технология, эмоция, интеллект, басқару, қабылдау, түсіну.

Кіріспе

Қазіргі қоғамдағы өзгерістер білім алушының бойында эмоционалды интеллектінің дамуын талап етеді. Себебі, білім беру жүйесі интеллектуалды процестерге негізделген эмоцияларды басқара алатын, ақпаратты өз мақсатына жүзеге асыратын, жағымсыз эмоцияларды реттей алатын, эмоционалды тұрғыда саналы шешім қабылдауға мүмкіндігі бар білім алушыны дамытуды міндеттейді. Ендеше, бұл әрекеттерді дамытуға мүмкіндік беретін жағдаяттарды құрудың қажеттілігі туындайды. Олай болса, табысты білім мен қоғамда бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамыту мәселесі өзекті зерттеулердің бірі.

ҚР білімге бағытталған Заңнаманың I тарауы мен 3-бабында кез келген адамның жас және психо-физиологиялық ерекшеліктері мен интеллектуалдық қабілеттерін ескере отырып, барлық деңгейде білім алуға құқылы [1] деген ұстанымы интеллектуалды тұрғыдан ой мен санасы дамыған тұлғаны дамытудағы әрекеттерге негізделудің қажеттілігін көрсетуде.

Бұған сәйкес, ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдасының 2-ші параграфында [2] ғылымның интеллектуалдық әлеуетін нығайту мәселесі қарастырылады. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының жүйелі ойы мен саналы әрекеті, эмоционалды интеллектуалдық білімдерінің болуы қазіргі заманғы білімділіктің басты өлшемі деуге негіз бар. Осы орайда, эмоционалды интеллектіні дамытуда интерактивті мультимедиялық технологияларды қолданудың маңызы зор деп білеміз.

Ғылым мен техниканың дамуына сәйкес интерактивті мультимедиялық технологияларды жетілдірудің процесі байқалады. Ендеше, біз екі «эмоционалды интеллект» пен «мультимедиялық

технологиялар» ұғымының өзара байланысы мен бір-біріне әсерін зерттеу барысында қарастыратын боламыз. Зерттеудің басты мақсаты — интерактивті мультимедиялық технологияларды бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың құралы ретінде қарастыру.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу шеңберіндегі зерттеу тақырыбы бойынша тиісті зерттеулерді анықтаудан басталды. Scopus, Scholar.google деректерді жинау платформасы ретінде анықталды. Жалпы, зерттеудің негізгі ұғымдарының мәнін нақтылау барысында ғалымдардың зерттеулеріндегі тұжырымдарына, пікірлеріне талдау жасалып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста диагностикалық әдістеме, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің басты ұғымдары «эмоционалды интеллект», «интерактивті мультимедиялық технологиялар» болып табылады. Осы екі ұғымды дәйекті және жүйелі түрде қарастыратын боламыз.

«Эмоционалды интеллект» ұғымын ең алғаш 1990 жылы Дж. Майер енгізіп, ұғымды «өзің және басқа адамдардың сезімі мен эмоциясын бақылап, ақпаратты ойлау мен іс-әрекетті бағыттауға бағытталған қабілет» деп түсіндірді. Демек, эмоционалды интеллект эмоциялардағы ақпаратты өңдеу қабілеті ретінде түсіндіріліп, эмоциялардың мағынасы мен олардың арасындағы өзара байланысын анықтауға, эмоционалды ақпараттан шешім қабылдауға және ойлауға негізделген.

Осы тұрғыда, Соловей мен Майердің теориясында эмоционалды интеллектіні эмоциялар туралы ойлау деп қарастырды [3]. Авторлардың пікірінше, эмоцияларды дұрыс қабылдау, қалыптастыру, түсіндіру, оның интеллектуалды тұрғыда өсуін ынталандыру эмоционалды тұрғыда рефлексивті реттеуді қамтамасыз етеді.

Дэниел Големан эмоционалды интеллектінің «өзін-өзі тану, реттеу, ынталандыру, эмпатия, әлеуметтік дағдылар» деп бес компонентін қарастырды [4]. Бұл компоненттер көңіл-күйді тануға, эмоцияларды түсінуге, импульстерді басқаруға, ойлануға, табандылыққа ұмтылуға, басқалардың эмоциясын түсінуге, өзара келісімге келуге мүмкіндік беретін әрекеттерді қамтиды. Біз автордың өзін-өзі тануда эмоцияны басқаруға ұсынған әрекеттерін зерттеу барысында негізге алатын боламыз.

Бір қызығы, роботтардың эмоционалды интеллектісін шетел ғалымдары Seyitoğlu және Ivanov зерттеді [5]. Авторлар өз зерттеуінде эмоционалды интеллектуалды роботтардың эмоционалды дағдыларын қарастырады. Бұл зерттеуде робот пен адамның эмоционалды интеллектуалдық қабілеттерінің арасындағы байланысы жайында мәселе қозғалады. Демек, бұл ұғымды роботтарды даярлауда да негізге алынатынын байқауға болады.

Зерттеулерден көріп отырғанымыздай, ғалымдардың түсіндірулерінде айтарлықтай айырмашылық жоқ, сондай-ақ, «эмоционалды интеллект» ұғымына әр түрлі пікірлер ұсынылды:

- бұл, адамның өзгеретін жағдайларға жақсы бейімделуіне көмектесетін интегралды ресурс және көбінесе адамның әл-ауқатын да, болашақтағы жетістігін де анықтайды (K. Audrin) [6];

- бұл, адамдардың білім деңгейі мен оқу үлгерімін арттырудың шешуші факторлары болып табылады (Zhou және бірлескен авторлар) [7];

- бұл, эмоцияларды қабылдау және түсіну (Salovey және қосалқы авторлар) [8];

- бұл, адамға қоршаған ортаның талаптары мен қысымдарын сәтті жеңе алатын ойлау мен әрекеттерді бағыттау үшін өзінің және басқалардың эмоцияларын құруға, тануға, білдіруге, түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін қабілеттер жиынтығы (Sari) [9];

- бұл, тұтастыққа апаратын жол (Н.И. Айзман және бірлескен авторлар) [10];

Жоғарыдағы анықтамаларды жалпылау нәтижесінде, «эмоционалды интеллектті — білім алушылар өздерінің және өзгенің эмоциясын түсініп, оны қабылдап, басқара алатын деңгейге жетуге бағытталған кешен» деп қарастырамыз.

Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың маңызы зор деп білеміз. Себебі, нақты осы кезеңде оқушылардың эмоционалды қалыптасуының өсуі байқалады. Яғни, өзін-өзі тануы, өзгенің эмоциясын сезуі, өз эмоциясын түсініп, қабылдап, басқару процестері іске аса бастайды. Эмоция оқушылардың таным процесіне және оқуына әсер етеді. Бұл жаста оқушы туындаған эмоционалды жағдайларды өз бетінше шешуге талпынып, эмоциялық күйлер ұзағырақ, тереңірек және тұрақты дами түседі. Оқушылардың интеллектуалдық дамуы жүріп, қоршаған әлемді эмоционалды тани бастайды. Сондықтан, осы кезеңде эмоционалды интеллектіні дамытудың қажеттілігі туындайды.

Эмоционалды интеллектісі дамыған оқушы ақылға қонымды және мақсаттарына айқын жете алатын, жауапты шешімдер қабылдауға, оның салдарын ескеруге, өзгелермен мейірімді қарым-

катынас жасауға, өзінің қажеттіліктерін түсінуге, мінезі мен эмоциясын түсінуге, сауатты басқаруға, сыни және рефлексиялық ойлауға қабілетті. Бастауыш сынып оқушысының эмоционалды интеллектісі дамыған кезде оның ашықтығы, белсенділігі артады, оқиғаларға эмоционалды түрде оңай жауап береді, оқудағы жаңа тәжірибеге байланысты қорқыныш сезімі пайда болады, эмоциялары өзгере бастайды, өзінің және өзгенің сезімдерін түсіне бастайды [11].

Ендеше, эмоционалды интеллектісін дамыту бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын жақсартады. Оларды оқуға қызықтырып, ынталандыруда эмоционалды интеллектіге оң әсер ететін интерактивті мультимедиялық технологияларды қолдануға болады.

Цифрландыру жағдайында эмоционалды интеллектінің даму мәселесі шетел ғалымдарының еңбектерінде көрініс тапқан. Ғалымдар цифрлық технологияның эмоционалды интеллектідегі рөлін зерттеп қана қоймай, оның ықпалы мен бағалау тұрғысынан қарастырды. Соңғы кездері әлеуметтік медияның пайда болуымен білім алушылар қоғамдағы әр түрлі эмоционалды сигналдармен күресуге мәжбүр болды. Осы орайда, білім алушылар нақты әлем мен виртуалды ортаны ажырата білуі қажет. Ендеше, цифрландыру контекстінде эмоционалды интеллектіге қызығушылықтың артып келе жатқанын зерттеу барысында аңғардық [12].

Pitts және бірлескен авторлардың зерттеуінде эмоционалды интеллект командалық жұмыс барысында мәтіндік хабар алмасу барысында онлайн байланыстың оң әсерін байқады [13]. Авторлардың пікірінше, эмоционалды интеллект топтық жұмыс барысында дами түседі.

Интеллектуалды эмоцияны интерактивті мультимедиялық технологиялар арқылы дамыту анағұрлым тиімді және орынды болып саналады. Осы орайда, біз интерактивті мультимедиялық технологиялардың эмоционалды интеллектінің дамуына әсерін қарастырдық (1-кесте).

1 - кесте

Интерактивті мультимедиялық технологиялардың эмоционалды интеллектінің дамуына әсері

Интерактивті мультимедиялық технологиялар	Эмоцияны қабылдау	Эмоцияны түсіну	Эмоцияны басқару
Интерактивті learningapps.org мультимедиялық бағдарламасы	Кеңестер беру, кері байланыс орнату, түсініксіз жағдайларда эмоцияларды нақтылауға немесе бастан кешірген эмоцияларды зерттеуге бағытталған	Эмоциялардың күрделілігін зерттеуге және түсінуге мүмкіндік береді	Эмоцияларды басқаруға мүмкіндік береді

Бұл интерактивті мультимедиялық технологиялар эмоционалды интеллектінің қабылдауына, түсінуіне және басқаруына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талдау

Тәжірибелік-экспериментке Ы. Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясының 2-сынып оқушыларының ішінен «В» және «Г» сыныптары іріктеліп алынды. Зерттеуде 2 «В» сыныбы — бақылау сыныбы (25 оқушы), 2 «Г» сыныбы — тәжірибелік сынып (26 оқушы) ретінде қарастырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары анықтау, қалыптастыру, бақылау кезеңі арқылы іске асырылды.

Анықтау кезеңінде — бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін анықтау мақсатында М.А. Нгуеннің «Не? Неге? Қалай?» атты диагностикалық әдістемесін қолдандық. Әдістеменің мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін қалыптастыру деңгейін анықтау. Бұл әдістеме білім алушының эмоцияларын қаншалықты жақсы түсініп, қабылдап, басқара алатынын анықтауға арналған әртүрлі тапсырмаларға негізделген. Білім алушыларға 15 минут уақыт беріп, фигураларға кез келген бөлшектерді сызып, мағынасы бар сызба ұсынуды тапсырамыз. Ендеше, анықтау кезеңінде іске асырылған диагностикалық әдістеменің нәтижесі келесідей көрсеткіштерді көрсетті (2-кесте).

Анықтау кезеңіндегі «Не? Неге? Қалай?» атты диагностикалық әдістеменің нәтижесі

Әдістеме	Бақылау сыныбы			Тәжірибелік сынып		
	n=25			n=26		
	жоғары	орта	төмен	жоғары	орта	төмен
«Не? Неге? Қалай?»	2 (8 %)	12 (48 %)	11 (44 %)	3 (11,5 %)	13 (50 %)	10 (38,5 %)

Кестедегі көрсетілген нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіштерін диаграмма түрінде ұсынамыз (1-сурет).



1-сурет. Анықтау кезеңіндегі екі сыныптың көрсеткіштері

Нәтижелерді талдау барысында: бақылау сыныбының жоғары деңгейі 2 (8 %) білім алушыны, орта деңгейі 12 (48 %) білім алушыны, төменгі деңгейі 11 (44 %) білім алушыны құрады; тәжірибелік сыныптың төменгі деңгейі 10 (38,5 %) білім алушыны, орта деңгейі 13 (50 %) білім алушыны, жоғары деңгейі 3 (11,5 %) оқушыны құрады. Бұл дегеніміз екі сыныптың да білім алушыларының эмоционалды интеллектісінің жоғары деңгейде дамымағандығын көрсетеді.

Осы орайда, біз бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың қажеттілігін бақаймыз. Ендеше, келесі қалыптастыру кезеңінде бұл процесті іске асыратын боламыз.

Қалыптастыру кезеңі 2023–2024 оқу жылының қазан айынан бастап желтоқсан айы аралығында жүргізілді. Әр аптаның сәрсенбі күні оқушыларға 1 сағаттан сабақтан тыс сабақтар ұйымдастырылды. Әр сабақ интерактивті тақтадағы презентацияны қамтыды. Сабақтан соң білім алушыларға үйде оқуға және бейне материалдарды көруге арналған сілтемелер берілді. Білім алушылар күнделік жүргізіп, онда өздерінің эмоционалды тәжірибелерін жазып отырды. Сондай-ақ, тәжірибелік сыныптың білім алушылары белгілі бір эмоцияларды тудыратын суреттер, жаңалықтар, бейнелер туралы командалық жұмыста талқылап отырды.

Осы орайда, қалыптастыру кезеңінде іске асырылған тапсырмаларға тоқталып өтейік.

Біз, бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін интерактивті мультимедиялық технологиялар арқылы дамытатын боламыз. Интерактивті learningapps.org мультимедиялық бағдарламасы арқылы іске асырамыз. Бұл сайтта 2–4 сынып бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын түрлері кездеседі. Сондай-ақ, бағдарлама білім алушылардың тілдік дағдыларын қалыптасуға мүмкіндік береді.

Бірінші тапсырма — *Learningapps.org* (<https://learningapps.org/watch?v=p1yi9x1d224>) бағдарламасы арқылы «Жануарлардың қыстауы» атты тақырыпта тапсырма ұсынылды. Білім алушылар мәтінге сәйкес келетін суретті таңдауы қажет. Интерактивті тақтадан мәтінге сәйкес келетін суреттерді сәйкестендіріп болған соң, білім алушыларға келесідей тапсырма ұсынылды:

- 1-сұрақ. Ертегідегі кейіпкерді ата?
- 2-сұрақ. Кейіпкерлердің эмоциясы қандай?
- 3-сұрақ. Бұл эмоцияның пайда болу себебі неде?

Осы тапсырмаларды орындағаннан кейін талқылауға көшеді. Талқылау барысында білім алушылар кейіпкерлердің бойында бұл эмоцияның пайда болу себептерін анықтап, эмоцияның сөйлеу реакциясына әсер ететінін атап өтті.

Екінші тапсырма — белгілі бір эмоцияны көрсететін (<https://learningapps.org/watch?v=p1gcf92s524>) «Эмоция. Эмпатия» атты тақырыпта тапсырма ұсынылды. Білім алушы сілтемені баса арқылы тапсырмаға өтеді. Әр суретті эмоцияның атауымен байланыстыру ұсынылады. Эмоцияның түрлері: қорқыныш, реніш, қобалжу, қуану, шаршау, қиялдау, ұят, қорқыныш және т.б. бейнелері көрсетілген. Білім алушылар сурет пен эмоцияның атауын сәйкестендіріп, бұл эмоцияның не себепті болуы мүмкін екендігін болжайды.

Үшінші тапсырма — «Эмоционалды интеллект» атты тақырыпта тапсырма ұсынылды. Сілтемені (<https://learningapps.org/watch?v=p1gcf92s524>) баса отырып, тапсырманы орындауға көшеді. Әр түрлі эмоцияда берілген адамдардың суретін эмоцияның түрлерімен байланыстыра отырып, бұл эмоцияларды тудырған суреттерді түсініп, қабылдап, талқылайды.

Төртінші тапсырма — «Мақал-мәтелдердің мағынасын тап» атты тапсырманы ұсындық. Білім алушы мына сілтеме арқылы (<https://learningapps.org/watch?v=pjmyzc4yt24>) тапсырманы орындайды. Білім алушы мақал-мәтелдің жетіспейтін сөздерін қойып, толық қандай мағынада айтылып жатқанын түсіндіреді. Мәселен, «Ең мықты адам, ... жеңген адам!», «Ыстықтан ет күйеді, ... бет күйеді!», «Мал ..., жан ...!», «... — садақ, ақыл — таяқ!» және т.б. Мақал-мәтелдер ашу, қорқышын, ұят, қобалжу және т.б. эмоцияларды сипаттайды. Бұл бағыттағы тапсырмаларды эмоционалды интеллектіні дамытуда қолдануға болады. Білім алушылар тек сұрақтарға жауап бермей, эмоцияларға қатысты мәселелерді шешуді талап етеді.

Ендеше, эксперимент барысында қолданған тапсырмалардың үлгісін ұсынайық (3-кесте).

3 - кесте

Қалыптастыру кезеңінде жүргізілген тапсырмалар

		<p>1. Ашу <input type="text"/> - ақыл - таяқ. Ең мықты адам <input type="text"/> жеңген адам. Мал ашуы, жан <input type="text"/> Ыстықтан ет күйеді, <input type="text"/> бет күйеді.</p>
«Жануарлардың қыстауы»	«Эмоционалды интеллект»	«Мақал-мәтелдердің мағынасын тап»

Бұл интегративті мультимедиялық технологиялар эмоционалды интеллектінің қабылдауына, түсінуіне және басқаруына қалай әсер ететінін анықтауға мүмкіндік беріп, ақыл-ой қабілеттерін дамытады.


Қалыптастыру кезеңінде ұйымдастырылған жұмыстардың тиімділігін анықтау мақсатында бақылау кезеңінде диагностикалық әдістемені қайта жүргіздік. Бақылау кезеңіндегі эксперименттік сынып пен бақылау сыныбының салыстырмалы нәтижесі төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті (4-кесте).

4 - кесте

Бақылау кезеңіндегі екі сыныптың салыстырмалы көрсеткіштері

Деңгейлері	Бақылау сыныбы n=25		Тәжірибелік сынып n=26	
	ЭД	ЭК	ЭД	ЭК
жоғары	2 (8 %)	2 (8 %)	3 (11,5 %)	6 (23,1 %)
орта	12 (48 %)	14 (56 %)	13 (50 %)	16 (61,5 %)
төмен	11 (44 %)	9 (36 %)	10 (38,5 %)	4 (15,4 %)

Кестедегі көрсетілген нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіштерін диаграмма түрінде ұсынамыз (2-сурет).



2-сурет. Бақылау кезеңіндегі екі сыныптың салыстырмалы көрсеткіштері

Бақылау кезеңіндегі екі сыныптың салыстырмалы көрсеткіштердің нәтижесі: бақылау сыныбының жоғары деңгейі 2 (8 %) білім алушыны, орта деңгейі 14 (56 %) білім алушыны, төменгі деңгейі 9 (36 %) білім алушыны құрады; тәжірибелік сыныптың төменгі деңгейі 4 (15,4 %) білім алушыны, орта деңгейі 16 (61,5 %) білім алушыны, жоғары деңгейі 6 (23,1 %) оқушыны құрады. Бұл дегеніміз екі сыныптың арасындай айырмашылық байқалды. Тәжірибелік сыныпта жүргізілген тапсырмалардың тиімді түрде ұйымдастырылғандығын көрсетіп отыр.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу барысында интерактивті мультимедиялық технологиялар бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытудың құралы ретінде қарастырдық. Сондай-ақ, «эмоционалды интеллект» пен «мультимедиялық технологиялар» ұғымының өзара байланысы мен бір-біріне әсерін байқадық. Цифрландыру жағдайында эмоционалды интеллектінің даму мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Талдау нәтижесінде, авторлардың пікірінше «эмоционалды интеллект — білім алушылар өздерінің және өзгенің эмоциясын түсініп, оны қабылдап, басқара алатын деңгейге жетуге бағытталған кешен» деп қарастырады. Олай болса, бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісі *Learningapps.org* мультимедиялық бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Атап айтсақ: «Жануарлардың қыстауы», «Эмоция. Эмпатия», «Эмоционалды интеллект», «Мақал-мәтелдердің мағынасын тап» және т.б. тапсырмалар *learningapps.org* мультимедиялық бағдарламасы арқылы ұсынылды. Зерттеу нәтижелерін көріп отырғанымыздай, бұл тапсырмалардың тиімділігі дәлелденді деуге негіз бар. Жалпы алғанда, бастауыш сынып оқушыларының эмоционалды интеллектісін дамытуда интерактивті мультимедиялық технологияларды қолданудың нәтижесінде білім алушылардың эмоцияны қабылдап және түсініп, оны басқарудың және дамытудың қажеттілігі негізделді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.
- 2 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>.
- 3 Mayer J.D. Target articles: “Emotional intelligence: Theory, findings, and Implications” / J.D. Mayer, P. Salovey, D.R. Caruso // *Psychological inquiry*. — 2004. — Vol. 15, No. 3. — P. 197–215. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2024.102512>
- 4 Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ / Д. Гоулман. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2018. — 560 с.
- 5 Seyitoğlu F. Robots and emotional intelligence: A thematic analysis / F. Seyitoğlu, S. Ivanov // *Technology in Society*. — 2024. — P. 102512. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2024.102512>
- 6 Audrin K. More than just emotional intelligence on the Internet: an introduction to “digital emotional intelligence” / K. Audrin, B. Audrin // *Frontiers in Psychology*. — 2023. — No.14. — P. 1154355. — DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1154355>

7 Zhou Z. The relationship between emotional intelligence, spiritual intelligence, and student achievement: a systematic review and meta-analysis / Z. Zhou, H. Tavan, F. Kavarizadeh, M. Sarokhani, K. Sayehmiri // BMC Medical Education. — 2024. — Vol. 24, No. 1. — P. 217. DOI: <https://doi.org/10.1186/s12909-024-05208-5>

8 Mayer J.D. Human abilities: Emotional intelligence / J.D. Mayer, R.D. Roberts, S.G. Barsade // Annu. Rev. Psychol. — 2008. — Vol. 59. — P. 507–536.

9 Sari H. The Influence of Intellectual Intelligence and Emotional Intelligence on Accounting Understanding among Accounting Students of the Institut Teknologi dan Bisnis Master Pekanbaru [Electronic resource] / H. Sari // Reflection: Education and Pedagogical Insights. — 2024. — Vol. 1, No. 4. — P. 158–183. — Access mode: <https://firstcierapublisher.com/index.php/reflection/article/view/61/87>

10 Айзман Н.И. Эмоциональный интеллект: как научиться понимать свои и чужие эмоции / Н.И. Айзман, А.Н. Умиев, Б.Д. Каирбекова, А.Т. Ташимова // Вестн. Инновац. Евраз. ун-та. — 2021. — № 4. — С. 9–18.

11 Якубова Ф.А. Как с помощью эмоционального интеллекта приобретается личность / Ф.А. Якубова, С. Юсупова // Бюлл. педагогов нового Узбекистана. — 2023. — Т. 1, № 5. — С. 153–157.

12 Van Rens S.M. et al. Trait emotional intelligence revisited: Development and validation of a short measure for personal intelligence / S.M. Van Rens // Personality and Individual Differences. — 2024. — No. 224. — P. 112641. — DOI: <https://doi.org/10.1016/j.paid.2024.112641>.

13 Pitts V.E. Communication in virtual teams: The role of emotional intelligence / V.E. Pitts, N.A. Wright, L.C. Harkabus // Journal of Organizational Psychology. — 2012. — Vol. 12, No. 3/4. — P. 21–34.

Г.Б. Жораева, Г.И. Уайсова, А.Н. Жорабекова

Интерактивные мультимедийные технологии как средство развития эмоционального интеллекта младших школьников

В современной системе образования необходимо развивать обучающегося, способного управлять эмоциями, основанными на интеллектуальных процессах, регулировать свои и чужие эмоции, иметь возможность принимать эмоционально осознанные решения. Таким образом, тема, рассматриваемая авторами, является актуальной. В ходе исследования был проанализирован Закон РК «Об образовании», Концепция, направленная на развитие образования и науки, изучена взаимосвязь понятий «эмоциональный интеллект» и «мультимедийные технологии». Основная цель исследования — рассмотреть интерактивные мультимедийные технологии как средство развития эмоционального интеллекта младших школьников. В опытно-экспериментальную работу были отобраны учащиеся 2-го класса Школы-гимназии № 65 имени И. Алтынсарина; класс «В» — контрольный класс (25 учащихся); класс «Г» — экспериментальный класс (26 учащихся). Исследовательская работа осуществлялась на основе этапов констатирующего, формирующего и контрольного эксперимента. На констатирующем этапе с целью выявления эмоционального интеллекта младших школьников была применена диагностическая методика М.А. Нгуена «Что? Почему? Как?». Формирующий этап проводился с октября по декабрь 2023–2024 учебного года. На данном этапе формируется развитие эмоционального интеллекта младших школьников с помощью мультимедийной программы *Learningapps.org*. На основе указанной выше программы были предложены следующие задания: «Зимование птиц и животных», «Эмпатия. Эмоция», «Интеллектуальная эмоция», «Угадай смысл словосочетаний». На контрольном этапе была доказана эффективность предложенных заданий формирующего этапа. Такие интегративные мультимедийные технологии, как *Learningapps.org*, развивают умственные способности, позволяя определить, как эмоциональный интеллект влияет на восприятие, понимание и управление.

Ключевые слова: мультимедиа, технология, эмоция, интеллект, управление, восприятие, понимание.

G.B. Zhoraeva, G.I. Uaisova, A.N. Zhorabekova

Interactive multimedia technologies as a means of developing the emotional intelligence of primary school children

In modern education system, development of students' capability to manage emotions through intellectual processes is essential. During this study, the authors analyzed normative documents, and explored relationship between concepts "emotional intelligence" and "multimedia technologies". The paper is aimed at exploring interactive multimedia technologies as a means of developing emotional intelligence among primary schoolchildren. The 2nd-grade students from I. Altynsarin gymnasium school No. 65 were selected for experimental work, among them grade "B" for control group (25 students), grade "G" for experimental group (26 students). The research was conducted through verifying, forming and control stages. At the verifying stage, to identify emotional intelligence of primary schoolchildren, "What? Why? How?" M.A. Nguyen's diagnostic

technique was applied. The forming experiment was conducted from October to December of the 2023–2024 academic year. At this stage, interactive development of emotional intelligence among primary schoolchildren is cultivated utilizing learningapps.org multimedia program. This program allows to implement assignments, such as “Birds of animals”, “Empathy. Emotion”, “Intellectual emotion”, “Guess the meaning of proverbs”. The control stage indicated that these assignments of the forming stage were effective and these interactive multimedia technologies such as learningapps.org foster students’ mental abilities, enabling to determine how emotional intelligence affects perception, understanding and management.

Keywords: multimedia, technology, emotion, intelligence, management, perception, understanding.

References

- 1 (2007). Bilim turaly. Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi No. 319-III Zany [On Education. The Law of the Republic of Kazakhstan dated 27 July, 2007 No. 319-III]. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [in Kazakh].
- 2 (2023). Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2022–2026 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy No. 248 qaulysy [On approval of the Concept of Education development of the Republic Kazakhstan for 2022–2026. Resolution of the Government of the Republic Kazakhstan dated November 24, 2023 No. 941]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941> [in Kazakh].
- 3 Mayer, J.D., Salovey, P., & Caruso, D.R. (2004). Target articles: “emotional intelligence: Theory, findings, and Implications”. *Psychological inquiry*, 15(3), 197–215. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2024.102512>
- 4 Goulman, D. (2018). *Emotsionalnyi intellekt. Pochemu on mozhet znachit bolshe, chem IQ [Emotional intelligence. Why can it mean more than IQ]*. Moscow: Mann, Ivanov i Ferber [in Russian].
- 5 Seyitoğlu, F., & Ivanov, S. (2024). Robots and emotional intelligence: A thematic analysis. *Technology in Society*, 102512. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.techsoc.2024.102512>
- 6 Audrin, K., & Audrin, B. (2023). More than just emotional intelligence on the Internet: introducing “digital emotional intelligence”. *Frontiers of Psychology*, 14, 1154355. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1154355>
- 7 Zhou, Z., Tavan, H., Kavarizadeh, F., Sarokhani, M., & Sayehmiri, K. (2024). The relationship between emotional intelligence, spiritual intelligence, and student achievement: a systematic review and meta-analysis. *BMC Medical Education*, 24(1), 217. DOI: <https://doi.org/10.1186/s12909-024-05208-5>
- 8 Mayer, J.D., Roberts, R.D., & Barsade, S.G. (2008). Human abilities: Emotional intelligence. *Annu. Rev. Psychol*, 59, 507–536.
- 9 Sari, H. (2024). The Influence of Intellectual Intelligence and Emotional Intelligence on Accounting Understanding among Accounting Students of the Institut Teknologi dan Bisnis Master Pekanbaru. *Reflection: Education and Pedagogical Insights*, 1(4), 158–183. Retrieved from <https://firstcierapublisher.com/index.php/reflection/article/view/61/87>
- 10 Aizman, N.I., Umiev, A.N., Kairbekova, B.D., & Tashimova, A.T. (2021). Emotsionalnyi intellekt: kak nauchitsia ponimat svoi i chuzhie emotsii [Emotional intelligence: how to learn to understand your own and others' emotions]. *Vestnik Innovatsionnogo Evraziskogo universiteta — Bulletin of the Innovative Eurasian University*, 1(4), 9–18 [in Russian].
- 11 Yakubova, F.A., & Yusupova, S. (2023). Kak s pomoshchiu emotsionalnogo intellekta priobretaetsia lichnost [How is personality acquired with the help of emotional intelligence]. *Biulleten pedagogov novogo Uzbekistana — Bulletin of teachers of new Uzbekistan*, 1(5), 153–157 [in Russian].
- 12 Van Rens, S.M., Henning, C.T., Crane, A.G., & Parker, J.D. (2024). Trait emotional intelligence revisited: Development and validation of a short measure for personal intelligence. *Personality and Individual Differences*, 224, 112641. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.paid.2024.112641>
- 13 Pitts, V.E., Wright, N.A., & Harkabus, L.C. (2012). Communication in virtual teams: The role of emotional intelligence. *Journal of Organizational Psychology*, 12(3/4), 21–34.

Information about the authors

Zhoraeva, G.B. — Doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: gaukhar.zhorayeva@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/009-0005-6073-2033-802X>;

Uaisova, G.I. — Candidate of pedagogical sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan; e-mail: uaisova54@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-9557-8988>;

Zhorabekova, A.N. — PhD, Associate professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; e-mail: ainur.zhorabekova@aeuzov.edu.kz, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-2697-8077>.